

Мәслихаттың 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 153 "Бірыңғай салықтың ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 181 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 қаңтарда № 4409 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2018 жылғы 5 наурыздағы № 193 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 05.03.2018 № 193 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткенінен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Жітіқара аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 153 "Бірыңғай салықтың ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-10-121 тіркелген, 2009 жылғы 15 мамырда "Житикаринские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 422-бабының 2-тармағына сәйкес Жітіқара аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:"**

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессияның төрағасы
Жітіқара аудандық
мәслихатының хатшысы*

А. Кабиев

М. Кененбаева

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігі Салық комитетінің
Қостанай облысы бойынша салық
департаментінің Жітіқара ауданы

бойынша салық басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ Б. Шуинов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК